9.00-9.20	Алиев Ерасыл	Тыныс жаттығуын орындату : **«Қар»** (бөлмені қар басқан орманға айналдыру үшін балаға мақта,ұсақ қағазды үрлету.Баланың ерні дөңгеленуін , ұртымен үрлемеуін қадағалау	**«Тісімізді тазалайық»** **Сипаттамасы:** Езу тартып күлу, тістерді көрсетіп, ауызды сәл ашып,тілдің ұшымен жоғарғы тістерді оңға – солға,кейінше жоғарыдан төменге «тазалау». **Сөздік нұсқау:** Ерін қозғалмай, күлкі жасайды. Тілдің ұшы оңға – солға қозғалғанда тістердің жоғарғы шетінен емес, тістердің түбіне (қызыл иекке) тиюі керек.	Қыс мезгіліне байланысты суреттер. - Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Қыста не жауады? - Қыста қалай киінеміз? - Суретте балалар не істеп жүр? Баланы қойылған сұраққа жауап бере білуге үйрету. Бүгін ақын Абдрахман Асылбековтың «Қыс» өлеңімен танысамыз. Мұқият тыңда. «Қыс» өлеңін логопед мәнерлеп оқып шығады. **Қыс** Қандай суық қыс деген, Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең, Құлағыңды тістеген, Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша-бауды, тауды да Бояған ақ түспенен. ***Сөздік жұмыс:*** қалтырайды - тоңады. **Ойын: «Қолғаптың сыңарын тап!»** Шарты: баланың алдына бірнеше қолғап тасталады, бала әр қолғаптың сыңарын тауып сонымен қатар түсін айтып сәйкестендіруі тиіс.	Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды орындауы жақсы.Жыл мезгілдері туралы түсінігі толық қалыптасқан жоқ. Қойылған сұраққа жай сөйлем түрінде жауап бере алады. Өлең шумағын логопедпен бірге қайталауы өте жақсы. Құлақшын, шебер ,бақша сөздеріндегі «ш» дыбысы «с» дыбысымен алмастырады. Сөздерді бірге буындап қайталауы жақсы. Ойын тапсырмасын жақсы орындады қолғаптардың сыңарын таба біледі. Түстерді ажыратуы толық қалыптасқан.
9.45-10.05	Қазмағамбет Қасым				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды орындауы жақсы.Сурет бойынша жыл мезгілін ажыратуы толық қалыптаспағанымен қыс мезгілін ажырата алады. Сурет бойынша сөйлем құрастыруы қалыптасып келеді. Қойылған сұраққа жай сөйлем түрінде жауап бере алады. Өлең шумағын логопедпен бірге қайталауы жақсы. «Р» дыбысы қалыптасқан жоқ. Сөзді буынға бөле алады, неше буынды сөз екенін анықтай алмайды. Ойын тапсырмасын жақсы орындады, есте сақтау қабілеті ,түстерді ажыратуы толық қалыптасқан.
10.30-10.50	Дуйсенбаева Камила				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды орындауы жақсы.Сурет бойынша жыл мезгілін ажыратуы толық қалыптаспағанымен қыс мезгілін ажырата алады. Сурет бойынша сөйлем құрастыруы қалыптасып келеді. Қойылған сұраққа жай сөйлем жауап бере алады. Өлең шумағын логопедпен бірге қайталауы жақсы. «Л» дыбысын сөз ішінде әлі де тастап кетеді. Буындап қайталатқанда «л» дыбысы сөз ішінде анық айтылды. Камиланың кейбір дыбыстары әлі де көмескі естіледі. Камиланың фонематикалық дамуы қалыптасқан жоқ. Ойын тапсырмасын жақсы орындады, есте сақтау қабілеті ,түстерді ажыратуы толық қалыптасқан.
11.00-11.20	Адилбаев Расул				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды орындауы жақсы.Жыл мезгілдері туралы түсінігі толық қалыптасқан жоқ. Қойылған сұраққа жай сөйлем түрінде жауап бере алады. Өлең шумағын логопедпен бірге қайталауы өте жақсы. Құлақшын, шебер ,бақша сөздеріндегі «ш» дыбысы «с» дыбысымен алмастырады. Сөздерді бірге буындап қайталауы жақсы. Ойын тапсырмасын жақсы орындады қолғаптардың сыңарын таба біледі. Түстерді ажыратуы толық қалыптасқан.

	Баймұрат Ерхан				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы жақсы. Ерхан тек сөздерді қайталап қана айтады, әлі де өздігінен сөйлемейді. Зейіні тұрақсыз. Сөйлеу тілінде кейбір дыбыстар кемшілігі әлі де бар. Түзету жұмыстары жүргізілді. Ойын тапсырмасын өздігінен дұрыс тапты. Бірақ сөйлемей орындайды.

Жеке түзете-дамыту жұмысы

5.01. 2024 ж

Логопед- Даулетова Ж.А

№	Балалардың тегі ,аты	Тыныс жаттығу	Артикуляциялық жаттығу	Тапсырмалар	Нәтижесі
9.35-9.55	Ниязбеков Арсен	Тыныс жаттығуын орындату : **«Қар»** (бөлмені қар басқан орманға айналдыру үшін балаға мақта,ұсақ қағазды үрлету.Баланың ерні дөңгеленуін , ұртымен үрлемеуін қадағалау	**«Тісімізді тазалайық»** **Сипаттамасы:** Езу тартып күлу, тістерді көрсетіп, ауызды сәл ашып,тілдің ұшымен жоғарғы тістерді оңға – солға,кейінше жоғарыдан төменге «тазалау». **Сөздік нұсқау:** Ерін қозғалмай, күлкі жасайды. Тілдің ұшы оңға – солға қозғалғанда тістердің жоғарғы шетінен емес, тістердің түбіне (қызыл иекке) тиюі керек.	Тақырыбы: «П» дыбысы Міндеттері: - дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу; - буында айтқызу (ашық, жабық буында, ортасында); - сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында болу керек); - сөйлемде айтқызу. ҰІӘ барысы Ұйымдастыру кезеңі Балаларға «П» дыбысына арналған плакатты сурет бойынша түсіндіру жұмысын жүргізу. «П» дыбысын айтқанда тілдің ұшы төменгі тіске тіреліп, үсті қатаң таңдайға көтеріліп, иіліп тұрады. «П» дыбысына буындар қайталайықшы: па, по, пу, пы, пі,пи Буындарды кері қайталайық: ап,оп, ып,іп,ип «П» дыбысынан басталатын сөздерді сурет бойынша қайталайық: піл, пияз, парта, пышақ, пингвин, пойыз... «П» дыбысы сөздердің ортасында кездесетін сурет бойынша қайталайық: апа, шапан, дәптер, кептер, кірпі... «П» дыбысы сөздердің соңында кездесетін сурет бойынша қайталайық: доп, қолғап, қап ... Жұмбақ Қорықпайды күшті аңнан Қорқады тек тышқаннан (піл)	Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды орындауы жақсы. «П» дыбысын анық және дұрыс айта алды. «П» дыбысынан басталатын сөздерді папа, панда, пингвин, паравоз деп өздігінен атап шыға алды. Буындарды қайталауы өте жақсы. «П» дыбысы сөз басында, ортасында ,соңында кездесетін сөздерді логопедпен бірге қайталауы жақсы. Арсен сөздерді буынға бөле алады және сөздің неше буыннан тұратынын анықтады. Жұмбақтың шешуін таба біледі.
10.00-10.20	Адилбаев Расул				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды орындауы жақсы. «П» дыбысын анық және дұрыс айта алды. «П» дыбысынан басталатын сөздерді анықтауы әлі де қалыптасқан жоқ. Буындарды қайталауы өте жақсы. «П» дыбысы сөз басында, ортасында ,соңында кездесетін сөздерді логопедпен бірге қайталауы жақсы. Расул сөздерді буынға логопедтің көмегімен ғана бөле алады және сөздің неше буыннан тұратынын анықтауы қалыптаспаған. Жұмбақтың шешуін таба білмеді
10.30-10.50	Сапарбай Нұрмұхамед				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды орындауы жақсы. «П» дыбысын анық және дұрыс айта алды. Буындарды қайталауы өте жақсы. «П» дыбысы сөз басында, ортасында ,соңында кездесетін сөздерді логопедпен бірге қайталауы жақсы. Жұмбақтың шешуін таба білмеді. Нұрмұхамедпен сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзетуде буындар қайталата отырып, екі және үш буынды сөздерді қайталату жұмысы жалғастырылды.
11.00-11.20	Баймұрат Ерхан				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы жақсы. «П» дыбысын анық және дұрыс айта алды. Буындарды қайталауы өте жақсы. «П» дыбысы сөз басында, ортасында ,соңында кездесетін сөздерді логопедпен бірге қайталады. Ерханмен сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзетуде буындар қайталата отырып, екі және үш буынды сөздерді қайталату жұмысы жалғастырылды

Жеке түзете-дамыту жұмысы

8.01. 2024 ж Логопед- Даулетова Ж.А

№	Балалардың тегі ,аты	Тыныс жаттығу	Артикуляциялық жаттығу	Тапсырмалар	Нәтижесі
9.25-9.45	Қали Раяна	Тыныс жаттығуын орындату : **«Қар»** (бөлмені қар басқан орманға айналдыру үшін балаға мақта,ұсақ қағазды үрлету.Баланың ерні дөңгеленуін , ұртымен үрлемеуін қадағалау	**«Кесе» жаттығуы** **Міндеті:** Тілді жоғары көтеріп, «кесе» жасап ұстауға үйрету. **Сипаттамасы:** Езуге күлкі үйірілген, ауызды кең ашып, тілді жалпақ етіп, тілдің алдыңғы шеті мен бүйірлерін көтеріп «кесе» жасау. **Сөздік нұсқау:** Тілдің шеттері төмен түспей, жоғарғы көтерілген қалыпта болуын қадағалау керек	Қыс мезгіліне байланысты суреттер. - Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Қыста не жауады? - Қыста қалай киінеміз? - Суретте балалар не істеп жүр? Баланы қойылған сұраққа жауап бере білуге үйрету. Бүгін ақын Абдрахман Асылбековтың «Қыс» өлеңімен танысамыз. Мұқият тыңда. «Қыс» өлеңін логопед мәнерлеп оқып шығады. **Қыс** Қандай суық қыс деген, Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең, Құлағыңды тістеген, Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша-бауды, тауды да Бояған ақ түспенен. ***Сөздік жұмыс:*** қалтырайды - тоңады. **Ойын: «Қолғаптың сыңарын тап!»** Шарты: баланың алдына бірнеше қолғап тасталады, бала әр қолғаптың сыңарын тауып сонымен қатар түсін айтып сәйкестендіруі тиіс.	Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, артикуляциялық жаттығуда тіл ортасы ойық тәрізді жасауы қалыптасқан жоқ. Раяна кейбір жұмбақты шеше алады. Аюдың орман жануары екенін айта алды. Төлдерді әлі де шатастырады. Есте сақтау қабілеті орташа дегенмен ертегіде аюдың екі баласы болғанын айтып берді. Қонжық сыр (ірімшік) тауып алды деді. Әрі қарай логопед көмегімен тапсырманы орындады. Раяна «Қ» дыбысын сөз басында «К» дыбысымен алмастырады, ал сөздің соңғы жағындағы «Қ» дыбысын анық айта алды.Аңдардың ізін анықтай алмады. Суретті бояуда шыдамсыздық танытып аяқтаған жоқ.
9.50-10.10	Дуйсенбаева Камила				Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, артикуляциялық жаттығуда тіл ортасы ойық тәрізді жасауы қалыптасқан жоқ Камила кейбір жұмбақты шеше алғанымен бұл жұмбақтың шешуін таба алмады. Аюдың орман жануары екенін айтай алды. Төлдерді әлі де шатастырады. Есте сақтау қабілеті орташа дегенмен ертегіде аюдың екі баласы болғанын айтып берді. Қонжық ірімшік тауып алды деді. Әрі қарай логопед көмегімен тапсырманы орындады. Камиланың сөйлеу тілі әлі де түсініксіз, «Қ» дыбысын сөз басында «К» дыбысымен алмастырады, ал сөздің соңғы жағындағы «Қ» дыбысын анық айта алды.Аңдардың ізін анықтай алмады. Суретті бояуда түрлі түстерді қолдана отырып қызығушылықпен бояды.
10.20-10.40	Дүзелбай Сауран				Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, артикуляциялық жаттығуда тіл ортасы ойық тәрізді жасауы қалыптасқан жоқ.Сауран аю, қонжық сөздерін бірге қайталап айтып шықты. Аю бал жейді, аю балық жейді, аю құлпынай жейді сөздерін логопедпен бірге қайталады. Сауран сөздің соңғы дыбыстарын тастап кетеді. Сауранмен буындарды қайталату жұмысы жалғастырылды. Суретті бояуда қара карандашты қолдана отырып қызығушылықпен бояды
11.00-11.20	Мақсат Ильяс				Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, артикуляциялық жаттығуда бірнеше рет қайталаудан кейін тіл ортасы ойық тәрізді қалыптасты.Ильяс жұмбақты шеше алды, орман жануарлары туралы түсінігі толық қалыптасқан. Орман жануарларының төлдерін әлі де ажыратуы толық қалыптасқан жоқ. Сөздерді жекешеден көпше түрге түрлендіруі толық қалыптасқан. Ойын тапсырмасында аңдардың іздерін анықтай алды. «Бұл қасқырдың ізі немесе аюдың ізі деп сөйлем құрап жауап берді. Ильяс сурет бояуда әр түрлі түсті карандаштарды қолданып қонжықты әдемі қояды. Түстерді ажырата алады.

11.30-11.50	Адилбаев Расул				Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, артикуляциялық жаттығуда тіл ортасы ойық тәрізді жасауы қалыптасқан жоқ . Расул жұмбақтың шешуін таба алмады. Аюдың орман жануары екенін айта алды. Төлдерді әлі де шатастырады. Есте сақтау қабілеті орташа дегенмен ертегіде аюдың екі баласы болғанын айтып берді. Қонжық ірімшік тауып алды деді. Әрі қарай логопед көмегімен тапсырманы орындады. Аңдардың ізін анықтай алмады. Расул суретті бояуда шыдамдылық таныта алды және түрлі түстерді қолдана отырып қызығушылықпен бояды.

Жеке түзете-дамыту жұмысы

9.01. 2024 ж Логопед- Даулетова Ж.А

№	Балалардың тегі ,аты	Тыныс жаттығу	Артикуляциялық жаттығу	Тапсырмалар	Нәтижесі
9.25-9.45	Алиев Ерасыл	Тыныс жаттығуын орындату : **«Қар»** (бөлмені қар басқан орманға айналдыру үшін балаға мақта,ұсақ қағазды үрлету.Баланың ерні дөңгеленуін , ұртымен үрлемеуін қадағалау	**«Кесе» жаттығуы** **Міндеті:** Тілді жоғары көтеріп, «кесе» жасап ұстауға үйрету. **Сипаттамасы:** Езуге күлкі үйірілген, ауызды кең ашып, тілді жалпақ етіп, тілдің алдыңғы шеті мен бүйірлерін көтеріп «кесе» жасау. **Сөздік нұсқау:** Тілдің шеттері төмен түспей, жоғарғы көтерілген қалыпта болуын қадағалау керек	Қыс мезгіліне байланысты суреттер. - Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Қыста не жауады? - Қыста қалай киінеміз? - Суретте балалар не істеп жүр? Баланы қойылған сұраққа жауап бере білуге үйрету. Бүгін ақын Абдрахман Асылбековтың «Қыс» өлеңімен танысамыз. Мұқият тыңда. «Қыс» өлеңін логопед мәнерлеп оқып шығады. **Қыс** Қандай суық қыс деген, Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең, Құлағыңды тістеген, Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша-бауды, тауды да Бояған ақ түспенен. ***Сөздік жұмыс:*** қалтырайды - тоңады. **Ойын: «Қолғаптың сыңарын тап!»** Шарты: баланың алдына бірнеше қолғап тасталады, бала әр қолғаптың сыңарын тауып сонымен қатар түсін айтып сәйкестендіруі тиіс.	Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, тілдік жаттығуда әлі де кемшіліктер бар (тіл ортасын ойық тәрізді ұстай алмайды) Қыс мезгілі туралы білімі толық қалыптасқан. Сурет бойынша балалардың іс әрекеттерін суреттеп айтып бере алды. Қыс туралы өлеңді қайталап айтуы өте жақсы. Қыс сөзінің бірінші әріпі «Қ» дыбысынан басталатынын анықтай алмайды (фонематикалық дамуы толық қалыптасқан жоқ). Қыста ойыналатын ойын түрлерін өздігінен атап берді. Балалар қардан аққала жасады. Балалар қолдарына қолғап киіп алған, әйтпесе қолдары тоңады деп жайылма сөйлем түрінде құрап айта алды. Қойылған сұраққа өздігінен жауап бере алды. Қолғаптың сыңарын табу бойынша тапсырманы жақсы орындады, түстерді ажыратуы толық қалыптасқан.
9.50-10.10	Ниязбеков Арсен				Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, тілдік жаттығуды бірнеше рет қайталаудан соң тіл ортасы ойықталды. Арсеннің қыс мезгілі туралы білімі толық қалыптасқан. Сурет бойынша балалардың іс әрекеттерін суреттеп айтып бере алды. Қыс туралы өлеңді қайталап айтуы өте жақсы. Қыс сөзінің бірінші әріпі «Қ» дыбысынан басталатынын дұрыс тапты. Қыста ойыналатын ойын түрлерін өздігінен атап берді. Балалар қардан аққала жасады. Балалар қолдарына қолғап киіп алған, әйтпесе қолдары тоңады деп жайылма сөйлем түрінде құрап айта алды. Қойылған сұраққа өздігінен жауап бере алды. Қолғаптың сыңарын табу бойынша тапсырманы жақсы орындады, түстерді ажыратуы толық қалыптасқан
10.15-10.35	Қазмағамбет Қасым				Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, тілдік жаттығуда әлі де кемшіліктер бар (тіл ортасын ойық тәрізді ұстай алмайды) Қыс мезгілі туралы білімі қалыптасып келеді. Сурет бойынша балалардың іс әрекеттерін қысқаша суреттеп айтып бере алды. Қыс туралы өлеңді қайталап айтуы өте жақсы. Қыста ойыналатын ойын түрлерінен «Қардан аққала жасаймыз, шанамен сырғанаймыз» «Мені мама балабақшаға шанамен әкелді» деп өздігінен сөйлем құрап жауап қайтарды. Балалар қардан аққала жасады. Балалар қолдарына қолғап киіп алған, әйтпесе қолдары тоңады деп жайылма сөйлем түрінде құрап айта алды. Қойылған сұраққа өздігінен жауап бере алды. Қолғаптың сыңарын табу бойынша тапсырманы жақсы орындады, түстерді ажыратуы толық қалыптасқан

11.00-11.20	Сапарбай Нұрмұхамед				Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, тілдік жаттығуда әлі де кемшіліктер бар (тіл ортасын ойық тәрізді ұстай алмайды) Нұрмұхамед өздігінен сөйлемейді, тек сөздерді бірге қайталап айта алады. 4-5 сөзден құралған сөйлемді мүлдем қайталамайды. Сұраққа да жауап бере алмайды. Нұрмұхамедпен Аққала бөліктерін құрастыру ойыны ойнатылды, бір рет қайталағаннан соң Аққаланы өздігінен құрастыра алды. Бөліктерін өздігінен атап айтпағанымен сәбіз, шелек, қар, сыпырғыш сөздерін логопедпен бірге қайталап айтты. Нұрмұхамедтің сөйлеу тіліндегі дыбыстар кемшілігін түзетуде сөздерді буындап қайталату жұмысы жүргізілді. Қолғаптың сыңарын табу бойынша тапсырманы жақсы орындады, түстерді ажыратуы толық қалыптасқан.
11.40-12.00	Баймұрат Ерхан				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуларын қайталамайды. Қыс мезгілі туралы білімі толық қалыптасқан. Сурет бойынша балалардың іс әрекеттерін суреттеп айтып бере алды. Қыс туралы өлеңді қайталап айтуы өте жақсы. Қыс сөзінің бірінші әріпі «Қ» дыбысынан басталатынын дұрыс тапты. Қыста ойналатын ойын түрлерін өздігінен атап берді. Балалар қардан аққала жасады. Балалар қолдарына қолғап киіп алған, әйтпесе қолдары тоңады деп жайылма сөйлем түрінде құрап айта алды. Қойылған сұраққа өздігінен жауап бере алды. Қолғаптың сыңарын табу бойынша тапсырманы жақсы орындады, бірақ түстерді ажыратуы толық қалыптасқан жоқ.

Жеке түзете-дамыту жұмысы

10.01. 2024 ж

Логопед- Даулетова Ж.А

№	Балалардың тегі ,аты	Тыныс жаттығу	Артикуляциялық жаттығу	Тапсырмалар	Нәтижесі
9.40-10.00	Дүзелбай Сауран	Тыныс жаттығуын орындату : **«Қар»** (бөлмені қар басқан орманға айналдыру үшін балаға мақта,ұсақ қағазды үрлету.Баланың ерні дөңгеленуін , ұртымен үрлемеуін қадағалау	**«Кесе» жаттығуы** **Міндеті:** Тілді жоғары көтеріп, «кесе» жасап ұстауға үйрету. **Сипаттамасы:** Езуге күлкі үйірілген, ауызды кең ашып, тілді жалпақ етіп, тілдің алдыңғы шеті мен бүйірлерін көтеріп «кесе» жасау. **Сөздік нұсқау:** Тілдің шеттері төмен түспей, жоғарғы көтерілген қалыпта болуын қадағалау керек	Қыс мезгіліне байланысты суреттер. - Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Қыста не жауады? - Қыста қалай киінеміз? - Суретте балалар не істеп жүр? Баланы қойылған сұраққа жауап бере білуге үйрету. Бүгін ақын Абдрахман Асылбековтың «Қыс» өлеңімен танысамыз. Мұқият тыңда. «Қыс» өлеңін логопед мәнерлеп оқып шығады. **Қыс** Қандай суық қыс деген, Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең, Құлағыңды тістеген, Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша-бауды, тауды да Бояған ақ түспенен. ***Сөздік жұмыс:*** қалтырайды - тоңады. **Ойын: «Қолғаптың сыңарын тап!»** Шарты: баланың алдына бірнеше қолғап тасталады, бала әр қолғаптың сыңарын тауып сонымен қатар түсін айтып сәйкестендіруі тиіс.	Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, тілдік жаттығуда әлі де кемшіліктер бар (тіл ортасын ойық тәрізді ұстай алмайды). Сауран өздігінен сөйлемейді, тек сөздерді бірге қайталап айта алады. Сұраққа да жауап бере алмайды. Сауранмен Аққала бөліктерін құрастыру ойыны ойнатылды, бірнеше рет қайталағаннан соң ғана Аққаланы өздігінен құрастыра алды. Бөліктерін атап айтпағанымен көрсетіп бере алуы дұрыс. Сауранмен сөйлеу тіліндегі дыбыстар кемшілігін түзетуде сөздерді буындап қайталату жұмысы жүргізілді.
10.05-10.25	Адилбаев Расул				Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, тілдік жаттығуды бірнеше рет қайталаудан соң тіл ортасы ойықталды. Расулдың қыс мезгілі туралы білімі толық қалыптасқан жоқ. Сурет бойынша балалардың іс әрекеттерін жай сөйлем түрінде қысқаша суреттеп айтып бере алдаы. Қыс туралы өлеңді қайталап айтуы өте жақсы.. Қыста ойыналатын ойын түрлерін өздігінен атап берді. Балалар қардан аққала жасады. Балалар қолдарына қолғап киіп алған. Қолғаптың сыңарын табу бойынша тапсырманы жақсы орындады, түстерді ажыратуы толық қалыптасқан
10.40-11.00	Қали Раяна				Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, тілдік жаттығуды бірнеше рет қайталаудан соң тіл ортасы ойықталды. Раянаның жыл мезгілдері туралы білімі толық қалыптасқан жоқ. Сурет бойынша балалардың іс әрекеттерін жай сөйлем түрінде (орыс тілінде) қысқаша суреттеп айтып бере алдаы. Қыс туралы өлеңді қайталап айтуы өте жақсы. Қыста ойыналатын ойын түрлерін өздігінен атап берді. Балалар қардан аққала жасады. Балалар қолдарына қолғап киіп алған. Қолғаптың сыңарын табу бойынша тапсырманы жақсы орындады, түстерді ажыратуы толық қалыптасқан
11.10-11-30	Баймұрат Ерхан				Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, тілдік жаттығуда әлі де кемшіліктер бар (тіл ортасын ойық тәрізді ұстай алмайды). Ерхан өздігінен мүлдем сөйлемейді, тек сөздерді бірге қайталап айта алады. Сұраққа да жауап бермейді, естімеген сыңай танытады. Ерханмен Аққала бөліктерін құрастыру ойыны ойнатылды, бірнеше рет қайталағаннан соң ғана Аққаланы өздігінен құрастыра алды. Бөліктерін атап айтпағанымен көрсетіп бере алуы дұрыс. Ерханмен сөйлеу тіліндегі дыбыстар кемшілігін түзетуде сөздерді буындап қайталату жұмысы жүргізілді.
					Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, тілдік жаттығуды бірнеше рет қайталаудан соң тіл ортасы ойықталды. Қыс мезгіліне

11.40-12.00	Мақсат Ильяс				байланысты суреттер бойынша әңгімелеп беруі қалыптасқан. Өз ойын еркін жеткізе алады. Жайылма сөйлем түрінде сөйлем құрастыра алады. Сұраққа да жауап береді. Қыс мезгілінде ойналатын ойындардан: шанамен ойын, қар лақтырып ойнау ойыны түрлерін өздігінен айтып шықты. Балалар шаңғы теуіп жүр, Қыздар қардан аққала жасап жатыр. Аққала үш домалақтан жасалған. Мұрнына балалар сәбіз тығып қойған. Сауысқандар сәбізді жеп қойғысы келіп жүр деп өздігінен сөйлем құрастыра алды. Байланыстырып сөйлеу тілі жас ерекшелігіне сай дамып келеді.

Жеке түзете-дамыту жұмысы

11.01. 2024 ж

Логопед- Даулетова Ж.А

№	Балалардың тегі ,аты	Тыныс жаттығу	Артикуляциялық жаттығу	Тапсырмалар	Нәтижесі
9.10-9.30	Дуйсенбаева Камила	Тыныс жаттығуын орындату : **«Қар»** (бөлмені қар басқан орманға айналдыру үшін балаға мақта,ұсақ қағазды үрлету.Баланың ерні дөңгеленуін , ұртымен үрлемеуін қадағалау	**«Кесе» жаттығуы** **Міндеті:** Тілді жоғары көтеріп, «кесе» жасап ұстауға үйрету. **Сипаттамасы:** Езуге күлкі үйірілген, ауызды кең ашып, тілді жалпақ етіп, тілдің алдыңғы шеті мен бүйірлерін көтеріп «кесе» жасау. **Сөздік нұсқау:** Тілдің шеттері төмен түспей, жоғарғы көтерілген қалыпта болуын қадағалау керек	Қыс қызығы (Сурет бойынша әңгімелеу) **Жұмбақ шешу** Шанамен зырғып желетін Шаңғы, коньки тебетін Аққала жасап ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? **Әңгімелесу.** (суреттер көрсету) Қыста күн суық, ызғарлы, аязды болады. Қар жауады. Қардан аққала жасаймыз. Аязды күндері біздің терезелерімізге аяз сурет салады.Оны қырау дейді. Қыс мезгілі суық болса да, өте көңілді. **Суретке қарап «Қысқы ойын» түрлерін атайық** **Сұраққа жауап беру:** Қыста күн қандай болады? -Қардан балалар не жасайды? -Терезеге суретті не салады? - Қыста ойнайтын ойын түрлерін атайықшы	Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, тілдік жаттығуда әлі де кемшіліктер бар (тіл ортасын ойық тәрізді ұстай алмайды). Жұмбақты логопедтің көмегі арқылы шешуін тапты. Камиланың сөйлем құрауы әлі де толық қалыптасқан жоқ. Сөйлемді бірге қайталауы жақсы. Аққала бөліктерін құрастыру ойыны ойнатылды, аққаланың неше бөліктен тұратынын айта алды, мұрнына сәбіз, басына шелек кигіземіз деп жауап берді.Сурет бойынша қысқы ойын түрлері тақырыбында әңгімелесу жұмысы жалғастырылды. Балалар шанамен сырғанады, аққала жасады деп қысқаша әңгімелей алды. Камиланың сөйлеу тіліндегі дыбыстар кемшілігін түзетуде сөздерді буындап қайталату жұмысы жүргізілді.
9.40-10.00	Сапарбай Нұрмұхамед				Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, тілдік жаттығуда әлі де кемшіліктер бар (тіл ортасын ойық тәрізді ұстай алмайды). Нұрмұхамед өздігінен сөйлемейді, тек сөздерді бірге қайталап айта алады. Сұраққа да жауап бере алмайды. Нұрмұхамедпен Аққала бөліктерін құрастыру ойыны ойнатылды, бөліктерді құрастыра алды бірақ сөйлемейді. Бөліктерін өздігінен атап айтпағанымен сәбіз, шелек, қар, сыпырғыш сөздерін логопедпен бірге қайталап айтты. Нұрмұхамедпен сөйлеу тіліндегі дыбыстар кемшілігін түзетуде сөздерді буындап қайталату жұмысы жүргізілді.
10.10-10.30	Алиев Ерасыл				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды орындауы жақсы. Жұмбақты шешуін тапты. Қыс мезгіліне байлнысты суреттер бойынша әңгімелеп беруі қалыптасып келеді. Жайылма сөйлем түрінде сөйлем құрастыра алады. Сұраққа да жауап береді. Ерасыл бөліктерді (пішіндерін) құрастыра отырып атап шықты. Қыс мезгілінде ойналатын ойындардан: шанамен ойын, қар лақтырып ойнау ойыны түрлерін өздігінен айтып шықты. Балалар шаңғы теуіп жүр, Балдар (балалар) қардан аққала жасап жатыр. Аққала үш домалақтан жасалған. Мұрнына балалар сәбіз тығып қойған. Құстар сәбізді жеп қойғысы келіп жүр деп өздігінен сөйлем құрастыра алды. Байланыстырып сөйлеу тілі жас ерекшелігіне сай дамып келеді.
11.00-11.20	Ниязбеков Арсен				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды орындауы жақсы. Жұмбақты шешуін тапты. Қыс мезгіліне байлнысты суреттер бойынша әңгімелеп беруі қалыптасып келеді. Жайылма сөйлем түрінде сөйлем құрастыра алады. Сұраққа да жауап береді. Арсен бөліктерді (пішіндерін) құрастыра отырып атап шықты. Қыс мезгілінде ойналатын ойындардан: шанамен ойын, қар лақтырып ойнау ойыны түрлерін өздігінен айтып шықты. Балалар шаңғы теуіп жүр, Балдар (балалар) қардан аққала жасап жатыр. Аққала үш домалақтан жасалған. Мұрнына балалар сәбіз тығып қойған. Құстар сәбізді жеп қойғысы келіп жүр деп өздігінен сөйлем құрастыра алды. Байланыстырып сөйлеу тілі жас ерекшелігіне сай дамып келеді.

Жеке түзете-дамыту жұмысы

12.01. 2024 ж

Логопед- Даулетова Ж.А

№	Балалардың тегі ,аты	Тыныс жаттығу	Артикуляциялық жаттығу	Тапсырмалар	Нәтижесі
9.35-9.55	Алиев Ерасыл	Тыныс жаттығуын орындату : **«Қар»** (бөлмені қар басқан орманға айналдыру үшін балаға мақта,ұсақ қағазды үрлету.Баланың ерні дөңгеленуін , ұртымен үрлемеуін қадағалау	**«Кесе» жаттығуы** **Міндеті:** Тілді жоғары көтеріп, «кесе» жасап ұстауға үйрету. **Сипаттамасы:** Езуге күлкі үйірілген, ауызды кең ашып, тілді жалпақ етіп, тілдің алдыңғы шеті мен бүйірлерін көтеріп «кесе» жасау. **Сөздік нұсқау:** Тілдің шеттері төмен түспей, жоғарғы көтерілген қалыпта болуын қадағалау керек	**Тақырыбы: «Р» дыбысы** Р дыбысының айтылуына байланысты тілге жаттығу жасау. «Ат шауып келеді» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жабыстырып, баяу, жылдам қағу керек.Тіл асты желбезегін созу. 10-15 рет қайталау қажет. «Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тіл ұшын таңдайға жапыстырып ұстап тұру керек. Еліктеу арқылы «Р» дыбысын қою: «Мотоцикл айдау» - тілді жоғарғы тіске қарай көтеріп, «Дрррръң-дрррръң» деп айтқызу. «Барабан» - Д-Д-Д деп айтқызу арқылы тіл ұшын зондпен оңға-солға қозғау. **Жұмбақ жасыру** Гүлге қонады, Гүлдің қонағы Үйіне кірсең Бөшкелер балға толады (Ара) **Суретпен жұмыс**: «Р» дыбысы сөздің басында да,ортасында және аяғында да кездесе береді, сондықтан мына суреттегі бейне атауларын айтайық. Мысалы: Раушангүл (роза), робот, радио, қасқыр, торғай, ара, арба, жолбарыс, сырға… **«Менімен бірге буынға жаттамақ қайтала»** Ра , ра, ра- а-ра, Ра , ра, ра -та-ра, Ра , ра, ра - ар-на Ра-ра-ра – Айжан шашыңды тара Ра-ра-ра – қозыға жақсы қара. Ры-ры-ры – мінген атым торы Ры-ры-ры – жинап алдым тары. Ар-ар-ар – далада қалың қар Ар-ар-ар – үйге жылдам бар.	Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды орындауы жақсы. Тіл ортасы ойықталып келеді. Еліктеу арқылы «Р» дыбысын қоюда :«Мотоцикл айдау» - тілді жоғарғы тіске қарай көтеріп, «Дрррръң-дрррръң» деп айтқызуда «р» дыбысы шыққан жоқ, тілде діріл қалыптаспаған. Ерасыл жұмбақтың шешуін тапты.Суреттегі бейнелер атауын өздігінен атап бере алды, дегенмен «р»дыбысы әлі де қалыптасқан жоқ. «Р» дыбысын «л»дыбысымен алмастырады. «Менімен бірге буынға жаттамақ қайтала» тапсырмасында жаттамақты бірге қайталады.
10.00-10.20	Қазмағамбет Қасым				Тыныс алу жаттығуын орындауы жақсы, артикуляциялық жаттығуда тіл ортасы әлі де ойықталмай тұр. Еліктеу арқылы «Р» дыбысын қоюда :«Мотоцикл айдау» - тілді жоғарғы тіске қарай көтеріп, «Дрррръң-дрррръң» деп айтқызуда «р» дыбысы шыққан жоқ, тілде діріл қалыптаспаған. Қасым жұмбақтың шешуін тапты. Суреттегі бейнелер атауын өздігінен атап бере алды, дегенмен «р»дыбысы әлі де қалыптасқан жоқ. «Р» дыбысын «л»дыбысымен алмастырады. «Менімен бірге буынға жаттамақ қайтала» тапсырмасында жаттамақты бірге қайталады.
10.30-10.50	Баймұрат Ерхан				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды орындамайды.Мазасызданады. Ерханмен «Кімнің гүлі алысқа ұшады?» , «Араны ұшырайық» тыныс жаттығуларын орындату жұмысы жалғастырылды. Ерхан жаттығуды қуана орындады.

Жеке түзете-дамыту жұмысы

15.01. 2024 ж

Логопед- Даулетова Ж.А

№	**Балалардың тегі ,аты**	**Тыныс жаттығу**	**Артикуляциялық жаттығу**	**Тапсырмалар**	**Нәтижесі**
9.10-9.30	Алиев Ерасыл	Тыныс жаттығуын орындату : **«Қар»** (бөлмені қар басқан орманға айналдыру үшін балаға мақта,ұсақ қағазды үрлету.Баланың ерні дөңгеленуін , ұртымен үрлемеуін қадағалау	**«Саңырауқұлақ» жаттығуы Сипаттамасы:**Ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсырып ұстап тұрып төменгі жақты басыпауымызды кең ашып тұруы керек. Жаттығуды қайталағанда ауызды кеңірек ашып, тіл жоғарыда ұзақ уақыт ұстауға тырысу керек. **Сөздік нұсқау:** Ауыз ашқанда, ерін қозғалыссыз болуын қадағалау. Ауызды ашып жапқанда, әр қалыптп 3 – 10 – ға дейін санап ұстау керек. Ауызды ашқанда тілдің бір жағы салбырап кетпеуін қадағалау керек.	Жұмбақ Өзі орман жануарына жатады, сүйікті тағамы бал, жидек және балық.Бұл қай аң? (Аю) Аю қандай жануарға жатады? Аюдың баласы (төлі) қалай аталады? Қонжық сөзін бірнеше рет қайталайық Топтық ҮІӘ де танысқан венгер ертегісінде аюдың неше баласы болды? Қонжықтар не тауып алды. Түлкі ірімшікті қалай бөлді? Сөздік жұмысы: қонжық қонжықтар, ірімшік ірімшіктер Логопед балаға ойын ойнауды ұсынады. Дидактикалық ойын: «Бұл ненің ізі?» Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту. Ойын шарты: *ақ қағаз бетіндегі аңдардың ізін* «Бұл ненің ізі?» тапсырмасын орындату. Бала қағаз бетінен қай аңның ізі екенін сәйкестендіріп сызып көрсетеді. Қонжық боямағын бояту тапсырмасы Қорытынды кезең (рефлексия).	Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы. Ерасыл кейбір жұмбақты шеше алады. Аюдың орман жануары екенін айта алды. Төлдерді әлі де шатастырады. Есте сақтау қабілеті орташа дегенмен ертегіде аюдың екі баласы болғанын айтып берді. «Қонжықтар ірімшік тауып алды деді. Қонжық ірімшікке таласып қалды. Қастарына түлкі келіп оларды алдап ірімшікті көп жеп қойды» деп сөйлем құрап айта алды. Ерасыл «Ш» дыбысын әлі де «С» дыбысымен алмастырады, ішінде бірнеше рет қайталатқанда «ш» дыбысы анық атылды. Аңдардан аю, қасқыр іздерін анықтады. Суретте түрлі түстерді қолдана отырып қызығушылықпен бояды.
9.40-10.00	Дуйсенбаева Камила				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы. Камила кейбір жұмбақты шеше алғанымен бұл жұмбақтың шешуін таба алмады. Аюдың орман жануары екенін айтай алды. Төлдерді әлі де шатастырады. Есте сақтау қабілеті орташа дегенмен ертегіде аюдың екі баласы болғанын айтып берді. Аю ірімшік тауып алды деді. Әрі қарай логопед көмегімен тапсырманы орындады. Камиланың сөйлеу тілі әлі де түсініксіз, «Қ» дыбысын сөз басында «К» дыбысымен алмастырады, ал сөздің соңғы жағындағы «Қ» дыбысын анық айта алды.Аңдардың ізін анықтай алмады. Суретті бояуда түрлі түстерді қолдана отырып қызығушылықпен бояды.
10.10-10.30	Дүзелбай Сауран				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы. .Сауран аю сөзін өзі айтты. Аю бал жейді, аю балық жейді, аю құлпынай жейді сөздерін логопедпен бірге қайталады. дегенмен Сауранның сөздің соңғы дыбыстарын тастап кететіндігі байқалды. Сауранмен буындарды қайталату жұмысы жалғастырылды. Суретті бояуда қара карандашты қолдана отырып қызығушылықпен бояды
11.00-11.20	Сапарбай Нұрмұхамед				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы. Нұрмұхамед аю сөзін өзі айтты. Аю бал жейді, аю балық жейді, аю құлпынай жейді сөздерін логопедпен бірге қайталады. Сауран сөздің соңғы дыбыстарын тастап кетеді. Нұрмұхамедпен буындарды қайталату жұмысы жалғастырылды. Суретті бояуда қара карандашты қолдана отырып қызығушылықпен бояды

11.30-11.50	Адилбаев Расул				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы .Расул жұмбақтың шешуін таба алмады. Аюдың орман жануары екенін айта алды. Төлдерді әлі де шатастырады. Есте сақтау қабілеті орташа дегенмен ертегіде аюдың екі баласы болғанын айтып берді. Қонжық ірімшік тауып алды деді. Әрі қарай логопед көмегімен тапсырманы орындады. Аңдардың ізін анықтай алмады. Расул суретті бояуда шыдамдылық таныта алды және түрлі түстерді қолдана отырып қызығушылықпен бояды.

Жеке түзете-дамыту жұмысы

16.01. 2024 ж

Логопед- Даулетова Ж.А

№	Балалардың тегі ,аты	Тыныс жаттығу	Артикуляциялық жаттығу	Тапсырмалар	Нәтижесі
9.00-9.20	Баймұрат Ерхан	Тыныс жаттығуын орындату : **«Қар»** (бөлмені қар басқан орманға айналдыру үшін балаға мақта,ұсақ қағазды үрлету.Баланың ерні дөңгеленуін , ұртымен үрлемеуін қадағалау	**«Саңырауқұлақ» жаттығуы Сипаттамасы:**Ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсырып ұстап тұрып төменгі жақты басыпауымызды кең ашып тұруы керек. Жаттығуды қайталағанда ауызды кеңірек ашып, тіл жоғарыда ұзақ уақыт ұстауға тырысу керек. **Сөздік нұсқау:** Ауыз ашқанда, ерін қозғалыссыз болуын қадағалау. Ауызды ашып жапқанда, әр қалыптп 3 – 10 – ға дейін санап ұстау керек. Ауызды ашқанда тілдің бір жағы салбырап кетпеуін қадағалау керек.	Жұмбақ Өзі орман жануарына жатады, сүйікті тағамы бал, жидек және балық.Бұл қай аң? (Аю) Аю қандай жануарға жатады? Аюдың баласы (төлі) қалай аталады? Қонжық сөзін бірнеше рет қайталайық Топтық ҰІӘ де танысқан венгер ертегісінде аюдың неше баласы болды? Қонжықтар не тауып алды. Түлкі ірімшікті қалай бөлді? Сөздік жұмысы: қонжық қонжықтар, ірімшік ірімшіктер Логопед балаға ойын ойнауды ұсынады. Дидактикалық ойын: «Бұл ненің ізі?» Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту. Ойын шарты: *ақ қағаз бетіндегі аңдардың ізін* «Бұл ненің ізі?» тапсырмасын орындату. Бала қағаз бетінен қай аңның ізі екенін сәйкестендіріп сызып көрсетеді. Қонжық боямағын бояту тапсырмасы Қорытынды кезең (рефлексия).	Тыныс алу жаттығуын «Көбелекті ұшырамыз», «Зымыранды ұшырайық» жаттығуларын орындату арқылы жүргізілді, артикуляциялық жаттығуды қайталамады. «Қолымызға сақина сыйлайық» жаттығуын қызығушылықпен орындады. Ерханға аю және оның баласы қонжық ойыншықтары арқылы «Мынау не?» сұрағы қойылды. Ерхан сұраққа жауап қайтармайды, дегенмен кейбір сөздерді бірге қайталап айтады (аю сөзін өзі айтты, ал қонжық сөзін қайталап айтты, екінші рет қайталамайды. «Мен айтқан жануарды алып кел», «Бұл қай жануар?» ойын тапсырмасы орындатылды. Жануарларды ажырата алады тауып әкеліп үстел үстіне қайды, енді орнына апар қай жануарды алдың сұрағына барлық жануарлардың атауын өте баяу, сыбырлап айтса да жеткізе алды. Ерхан карандашты ұстай алмайды ,ұстаудан бас тартып ашуланып ызаланады. Суретті бояуда шыдамсыздық танытып бояған жоқ.
10.10-10.20	Ниязбеков Арсен				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы. Арсен жұмбақты шеше алды, орман жануарлары туралы түсінігі толық қалыптасқан. Орман жануарларының төлдерін әлі де ажыратуы толық қалыптасқан . Сөздерді жекешеден көпше түрге түрлендіруі толық қалыптасқан. Ойын тапсырмасында аңдардың іздерін анықтай алды. «Бұл қасқырдың ізі немесе аюдың ізі деп сөйлем құрап жауап берді. Арсен сурет бояуда әр түрлі түсті карандаштарды қолданып қонжықты әдемі қояды. Түстерді ажырата алады.
10.30-10.50	Қали Раяна				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы. Раяна жұмбақты шеше алды, орман жануарлары туралы түсінігі толық қалыптасқан. Орман жануарларының төлдерін әлі де ажыратуы толық қалыптасқан жоқ. Сөздерді жекешеден көпше түрге түрлендіруі толық қалыптасқан. Ойын тапсырмасында аңдардың іздерінен (аю және қасқырдың іздерін ата алды) анықтай алмады. «Бұл қасқырдың ізі немесе аюдың ізі деп сөйлем құрап жауап берді. Раяна сурет бояуда шыдамсыздық танытады, бояуға қызығушылығы әлі де жоқ. Дегенмен түстерді ажырата алады.

11.00-11.20	Қазмағамбет Қасым				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы . Қасым жұмбақты шеше алды, орман жануарлары туралы түсінігі толық қалыптасқан. Орман жануарларының төлдерін әлі де ажыратуы толық қалыптасқан жоқ. Сөздерді жекешеден көпше түрге түрлендіруі толық қалыптасқан. Ойын тапсырмасында аңдардың іздерін анықтай алды. «Бұл қасқырдың ізі немесе аюдың ізі деп сөйлем құрап жауап берді. Қасым сурет бояуда әр түрлі түсті карандаштарды қолданып қонжықты әдемі қояды. Түстерді ажырата алады.

Жеке түзете-дамыту жұмысы

17.01. 2024 ж

Логопед- Даулетова Ж.А

№	Балалардың тегі ,аты	Тыныс жаттығу	Артикуляциялық жаттығу	Тапсырмалар	Нәтижесі
9.30-9.50	Сапарбай Нұрмұхамед	Тыныс жаттығуын орындату : **«Қар»** (бөлмені қар басқан орманға айналдыру үшін балаға мақта,ұсақ қағазды үрлету.Баланың ерні дөңгеленуін , ұртымен үрлемеуін қадағалау	**Саңырауқұлақ» жаттығуы Сипаттамасы:**Ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсырып ұстап тұрып төменгі жақты басыпауымызды кең ашып тұруы керек. Жаттығуды қайталағанда ауызды кеңірек ашып, тіл жоғарыда ұзақ уақыт ұстауға тырысу керек. **Сөздік нұсқау:** Ауыз ашқанда, ерін қозғалыссыз болуын қадағалау. Ауызды ашып жапқанда, әр қалыптп 3 – 10 – ға дейін санап ұстау керек. Ауызды ашқанда тілдің бір жағы салбырап кетпеуін қадағалау керек.	Жұмбақ Өзі орман жануарына жатады, сүйікті тағамы бал, жидек және балық.Бұл қай аң? (Аю) Аю қандай жануарға жатады? Аюдың баласы (төлі) қалай аталады? Қонжық сөзін бірнеше рет қайталайық Топтық ҮІӘ де танысқан венгер ертегісінде аюдың неше баласы болды? Қонжықтар не тауып алды. Түлкі ірімшікті қалай бөлді? Сөздік жұмысы: қонжық қонжықтар, ірімшік ірімшіктер Логопед балаға ойын ойнауды ұсынады.	Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы. Суретке қарап аю деп жауап берді. Нұрмұхамед өздігінен сөйлемейді, тек сөздерді бірге қайталайды. «Не жоқ?» ойыны ойнатылды , қоян, түлкі, қасқыр және аю суреттері қолданылды. Ойыннан барлық жоқ жануарларды тауып атай алды. Аңдардың іздерін анықтауда логопед көмегін қажет етті. Суретті бояуда түрлі түстерді қолдана отырып қызығушылықпен бояды.
10.10-10.20	Алиев Ерасыл				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы . Ерасыл жұмбақтың шешуін таба алды. Аюдың орман жануары екенін айта алды. Төлдерді әлі де шатастырады. Есте сақтау қабілеті орташа дегенмен ертегіде аюдың екі баласы болғанын айтып берді. Қонжық ірімшік тауып алды деді. Әрі қарай логопед көмегімен тапсырманы орындады. Аңдардың ізін анықтай алмады. Ерасыл суретті бояуда түрлі түстерді қолдана отырып қызығушылықпен бояды.
10.30-10.50	Дүзелбаев Сауран			Дидактикалық ойын: «Бұл ненің ізі?» Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту. Ойын шарты: *ақ қағаз бетіндегі аңдардың ізін* «Бұл ненің ізі?» тапсырмасын орындату.	Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы. Сауран өздігінен мүлдем сөйлемейді. Буындар қайталайық, «Менімен бірге қайтала» , «Топтағы балалардың аттарын қайталайық» жұмысы жүргізілді. «Не жоқ?» ойыны ойнатылды, ойын тапсырмаларында Сауран еш сөйлемей орындайды, бірге қайталату жұмысы жүргізілді.
11.00-11.20	Дуйсенбаева Камила			Бала қағаз бетінен қай аңның ізі екенін сәйкестендіріп сызып көрсетеді. Қонжық боямағын бояту тапсырмасы Қорытынды кезең (рефлексия).	Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы. Камила жұмбақты шеше алды, орман жануарлары мен үй жануарларын әлі де ажыратуы толық қалыптасқан жоқ. Төлдерді ажыратуы да толық қалыптасқан жоқ. Сөздерді жекешеден көпше түрге түрлендіруі толық қалыптасқан. Ойын тапсырмасында аңдардың іздерін тек аю мен қасқырдың іздерін анықтай алды. «Қасқырдың ізі немесе аюдың ізі деп сөйлем құрап жауап берді. Камила сурет бояуда әр түрлі түсті карандаштарды қолданып қонжықты әдемі қояды. Түстерді ажырата алады.

Жеке түзете-дамыту жұмысы

18.01. 2024 ж Логопед- Даулетова Ж.А

№	Балалардың тегі ,аты	Тыныс жаттығу	Артикуляциялық жаттығу	Тапсырмалар	Нәтижесі
9.00-9.20	Баймұрат Ерхан	Тыныс жаттығуын орындату : **«Қар»** (бөлмені қар басқан орманға айналдыру үшін балаға мақта,ұсақ қағазды үрлету.Баланың ерні дөңгеленуін , ұртымен үрлемеуін қадағалау	**Саңырауқұлақ» жаттығуы Сипаттамасы:**Ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсырып ұстап тұрып төменгі жақты басыпауымызды кең ашып тұруы керек. Жаттығуды қайталағанда ауызды кеңірек ашып, тіл жоғарыда ұзақ уақыт ұстауға тырысу керек. **Сөздік нұсқау:** Ауыз ашқанда, ерін қозғалыссыз болуын қадағалау. Ауызды ашып жапқанда, әр қалыптп 3 – 10 – ға дейін санап ұстау керек. Ауызды ашқанда тілдің бір жағы салбырап кетпеуін қадағалау керек.	Жұмбақ Өзі орман жануарына жатады, сүйікті тағамы бал, жидек және балық.Бұл қай аң? (Аю) Аю қандай жануарға жатады? Аюдың баласы (төлі) қалай аталады? Қонжық сөзін бірнеше рет қайталайық Топтық ҰІӘ де танысқан венгер ертегісінде аюдың неше баласы болды? Қонжықтар не тауып алды. Түлкі ірімшікті қалай бөлді? Сөздік жұмысы: қонжық қонжықтар, ірімшік ірімшіктер Логопед балаға ойын ойнауды ұсынады. Дидактикалық ойын: «Бұл ненің ізі?» Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту. Ойын шарты: *ақ қағаз бетіндегі аңдардың ізін* «Бұл ненің ізі?» тапсырмасын орындату. Бала қағаз бетінен қай аңның ізі екенін сәйкестендіріп сызып көрсетеді. Қонжық боямағын бояту тапсырмасы Қорытынды кезең (рефлексия).	Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы. Суретке қарап аю деп жауап берді. Ерхан өздігінен сөйлемейді, тек сөздерді бірге қайталайды. «Не жоқ?» ойыны ойнатылды , қоян, түлкі, қасқыр және аю суреттері қолданылды. Ойыннан барлық жоқ жануарларды тауып атай алды. Аңдардың іздерін анықтауда логопед көмегін қажет етті. Суретті бояуда карандаш ұстағысы келмейді. Сондықтан трафарет арқылы бояту жұмысы жүргізілді.
10.10-10.20	Қали Раяна				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы . Раяна жұмбақтың шешуін таба алды. Аюдың орман жануары екенін айта алды. Төлдерді әлі де шатастырады. Есте сақтау қабілеті орташа дегенмен ертегіде аюдың екі баласы болғанын айтып берді. Қонжық ірімшік тауып алды деді. Әрі қарай логопед көмегімен тапсырманы орындады. Аңдардың ізін анықтай алмады. Раяна суретті бояуда карандашпен жұмыс жасағанды ұнатпайды. Трафарет қолдану арқылы бояу жұмысы жүргізілді
10.30-10.50	Қазмағамбет Қасым				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы. Қасым жұмбақты шеше алды, орман жануарлары мен үй жануарларын әлі де ажыратуы толық қалыптасқан жоқ. Төлдерді ажыратуы да толық қалыптасқан жоқ. Сөздерді жекешеден көпше түрге түрлендіруі толық қалыптасқан. Ойын тапсырмасында аңдардың іздерін тек аю мен қасқырдың іздерін анықтай алды. «Қасқырдың ізі немесе аюдың ізі деп сөйлем құрап жауап берді. Қасым сурет бояуда әр түрлі түсті карандаштарды қолданып қонжықты әдемі қояды. Түстерді ажырата алады.
11.00-11.20	Дуйсенбаева Камила				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы. Камила жұмбақты шеше алды, орман жануарлары мен үй жануарларын әлі де ажыратуы толық қалыптасқан жоқ. Төлдерді ажыратуы да толық қалыптасқан жоқ. Сөздерді жекешеден көпше түрге түрлендіруі толық қалыптасқан. Ойын тапсырмасында аңдардың іздерін тек аю мен қасқырдың іздерін анықтай алды. «Қасқырдың ізі немесе аюдың ізі деп сөйлем құрап жауап берді. Камила сурет бояуда әр түрлі түсті карандаштарды қолданып қонжықты әдемі қояды. Түстерді ажырата алады.

Жеке түзете-дамыту жұмысы

19.01. 2024 ж Логопед- Даулетова Ж.А

№	Балалардың тегі ,аты	Тыныс жаттығу	Артикуляциялық жаттығу	Тапсырмалар	Нәтижесі
9.30-9.50	Адилбаев Расул	Тыныс жаттығуын орындату : **«Қар»** (бөлмені қар басқан орманға айналдыру үшін балаға мақта,ұсақ қағазды үрлету.Баланың ерні дөңгеленуін , ұртымен үрлемеуін қадағалау	**Саңырауқұлақ» жаттығуы Сипаттамасы:**Ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсырып ұстап тұрып төменгі жақты басыпауымызды кең ашып тұруы керек. Жаттығуды қайталағанда ауызды кеңірек ашып, тіл жоғарыда ұзақ уақыт ұстауға тырысу керек. **Сөздік нұсқау:** Ауыз ашқанда, ерін қозғалыссыз болуын қадағалау. Ауызды ашып жапқанда, әр қалыптп 3 – 10 – ға дейін санап ұстау керек. Ауызды ашқанда тілдің бір жағы салбырап кетпеуін қадағалау керек.	**Тақырыбы: «С» дыбысы ҰІӘ барысы Артикуляциялық жаттығулар** «Сағат», «Саңырау құлақтарды», «Тәтті шырын», «Ат шауып келеді» **«С» дыбысын дұрыс айт, анық айт**. Са – со – су – сы Со – су – са - сы Сұ – со – са – сы **Жұмбақтың шешуін табайық.** Сыртылдайды күнімен, Сыртылдайды түнімен. Білгің келсе уақытты, Көрсетеді тілімен. (Сағат) Мұрны пұшық, Көзі қысық, Өзі пысық Бұл не? Мысық **«С» дыбысы бар аңдар**: қасқыр, арыстан, жолбарыс **«С» дыбысы бар кісі аттары**: Сымбат, Самат, Асылай, Қасым **Теледидардан слайд көрсету:** [С] дыбысы бар жануарларды көрсет Слайд [С] дыбысы бар ыдыстарды көрсет Слайд Сурет бойынша сөйлем құрайық. Баланы мақтау	Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы . Расул «С» дыбысын анық айта алады. Буындар қайталауы өте жақсы. Жұмбақтың шешуін таба білді. Слайдтан көрсетілген суреттер атауын логопедтің көмегінсіз айтып шықты. Сөйлемді жай сөйлем түрінде құрайды, жалаң сөйлем құрауда логопед көмегін қажет етті. Расулдың сөйлеу тілінде кемшілігібар дыбыстарды түзетуде буындап қайталата отырып сөз, сөйлем түрлерін қайталату жұмысы жүргізілді.
10.10-10.20	Алиев Ерасыл				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы . Ерасыл «С» дыбысын анық айта алады. Буындар қайталауы өте жақсы. Жұмбақтың шешуін таба білді. Слайдтан көрсетілген суреттер атауын логопедтің көмегінсіз айтып шықты. Сөйлемді жай сөйлем түрінде де жайылма сөйлем түрінде де құрастыра алады. Ерасылдың сөйлеу тілінде кемшілігі бар дыбыстарды түзетуде буындап қайталата отырып сөз, сөйлем түрлерін қайталату жұмысы жүргізілді.
10.30-10.50	Дүзелбаев Сауран				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы . Сауран «С» дыбысын буындап айтуда анық айта алады. Сөз ішінде тастап кетеді. Буындар қайталауы өте жақсы. Жұмбақтың шешуін таба білмейді. Слайдтан көрсетілген суреттер атауын логопедтің көмегімен айтып шықты. Байланыстырып сөйлеу тілі әлі қалыптасқан жоқ. Сауранның сөйлеу тілінше кемшілігібар дыбыстарды түзетуде буындап қайталата отырып сөз, сөйлем түрлерін қайталату жұмысы жүргізілді.
11.00-11.20	Сапарбай Нұрмұхамед				Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы . Нұрмұхамед «С» дыбысын анық айта алады. Буындар қайталауы өте жақсы. Жұмбақтың шешуін таба алмайды. Слайдтан көрсетілген суреттер атауын логопедтің көмегінсіз кейбірін айтып шықты. Байланыстырып сөйлеу тілі қалыптасқан жоқ. Нұрмұхамедтің сөйлеу тілінше кемшілігі бар дыбыстарды түзетуде буындап қайталата отырып сөз, сөйлем түрлерін қайталату жұмысы жүргізілді.

Жеке түзете-дамыту жұмысы

22.01. 2024 ж Логопед- Даулетова Ж.А

№	Балалардың тегі ,аты	Тыныс жаттығу	Артикуляциялық жаттығу	Тапсырмалар	Нәтижесі
9.25-9.45	Мақсат Ильяс	Тыныс жаттығуын орындату : **«Қар»** (бөлмені қар басқан орманға айналдыру үшін балаға мақта,ұсақ қағазды үрлету.Баланың ерні дөңгеленуін , ұртымен үрлемеуін қадағалау	**«Ат шауып келеді» жаттығуы** **Сипаттамасы:** Жымиып тістерді көрсету, ауыз сәл ашық, тілдің ұшымен таңдай қағу(аттың тағалары тақылдатады). **Сөздік нұсқау:** Астынғы иек қозғалмай, тек қана тіл жұмыс жасайды. Тіл ішке қарай жиырылмай тақылдатуын қадағалау керек.	**Тақырыбы:** Ұзын құлақ ақ қоян (Кескін бойынша қоян жайлы әңгіме құрау) **Ұйымдастыру кезеңі** Жұмбақ: Сылдырдан қорқады, Шошынып жортады. (Қоян) – Қоян қандай жануарға жатады? (Қоян жабайы жануарға жатады). – Қояннның құлағы қандай? Ұзын ба әлде қысқа ма? (Қояннның құлағы ұзын). **Негізгі кезең** Қоянды тағы қалай деп атауға болады? Балалар «ұзын құлақты қоян, ақ қоян, сұр қоян, қорқақ қоян», – деп те атауға болатындығын айтады. Суреттердегі айырмашылықтарға қарай келе әңгіме құрайық. Әңгіме құрмас бұрын біз ең алдымен несін құрып аламыз? (Әңгіменің тақырыбын құрып аламыз). – Ендеше, біз оның тақырыбын «Ұзын құлақ ақ қоян» деп алайық. Тақырыбы: «Ұзын құлақ ақ қоян» – Қысгүні бір ақ Қоян орман ішінде жортып жүріпті. Қыста Қояннның тоны ақ түске ауысады екен... **Сергіту жаттығуы:** «Қоян» Секірейік-секірейік Ұзын-құлақ қоянша, Шаршағанды кетірейік, Болар сонда тамаша. (Сергіту сәтін өлең шумағының ырғағымен қимыл-қозғалыс арқылы орындау («Я» дыбысына жаттығу) Ян-ян-ян – қорқақ қоян Яз – яз – яз Сақылдаған сары аяз. Як – як – як, Жүреміз жалаң аяқ Я – я – я Моншақта тақия Балалар, «я» дыбысы «иа» болып естіледі. бірақ біз ол дыбысты анық айтуымыз қажет. «Я» дыбысының дауыссыз дыбыс екенін айтып өту.	Тыныс алу және артикуляциялық жаттығуды қайталап орындауы өте жақсы. Жұмбақты таба білді. Қояннның суретіне қарап «Қыс мезгілінде қояннның терісі ақ түсті болады, ал жаз мезгілінде қоңыр түсті болады» деп жауап берді. Қоян сөзін жекешеден көпше түрге түрлендіре алады. «Я» дыбысына байланысты буындық жаттамақты қайталауы өте жақсы Ильястың есте сақтау қабілеті өте жақсы , суретке қарап неше қоян барын анықтай алды, дегенмен сандарды табуда әлі де шатасатындығы байқалды. «Ж» дыбысын «З» дыбысымен алмастырушылық байқалды. Сөйлеу тілінде кемшілігі бар дыбыстарды буын қайталата отырып түзету жұмысы жалғастырылды.
